

# "Атырау қалалық перзентханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

"Атырау қалалық перзентханасы" ШЖҚ КМК-н қызметкерлер арасында 2026 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау туралы № 7 ХАТТАМА

Атырау қаласы

«23» 06 2026 жыл

**Өткізу орны:** «Атырау қалалық перзентханасы» ШЖҚ КМК (бұдан әрі – Кәсіпорын)

**Өткізу уақыты:** сағат 09.30-ден 10.44-ге дейін

**Өткізген:** Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының жетекшісі, комплаенс-офицер Бағытұлы Н.

**Хатшы:** Өтепберген А.А.

## Қатысқандар:

- Кадр бөлімінің басшысы – Махуова А.Т.;
- Мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы – Рамазанов А.Т.;
- Заңгер – Молдашева Ж.К.;
- Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері – 23 адам (тізім қоса беріледі).

## КҮН ТӘРТІБІ

- «Атырау қалалық перзентханасы» ШЖҚ КМК-да жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін қарау.
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтаманы талқылау.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу.

## ТЫНДАЛДЫ

Комплаенс-офицер: Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды орындау мақсатында және «Атырау қалалық перзентханасы» ШЖҚ КМК басшысының 2026 жылғы 22 сәуірдегі №146 бұйрығы негізінде 2026 жылғы 01 маусым мен 30 маусым аралығында Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілгенін хабарлады.

Талдау объектісі ретінде Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің 2025 жылғы 01 маусым мен 2026 жылғы 30 маусым аралығындағы қызметі қарастырылды. Талдау барысында келесі құрылымдық бөлімшелердің қызметі бойынша нормативтік құқықтық актілер, ішкі құжаттар, ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттар және ішкі рәсімдердің қолданылу тәжірибесі зерделенді:

- кадр бөлімі;
- мемлекеттік сатып алу бөлімі;
- заң бөлімі.

Әрбір бағыт бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағалау жүргізіліп, шешім қабылдау рәсімдері, өкілеттіктердің бөлінуі, Қазақстан Республикасы

заңнамасының және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарының сақталуы зерделенді.

### **СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

**Кадр бөлімінің басшысы Махуова А.Т.** өз сөзінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау барысында кадр бөлімінің 2025 жылғы 01 маусым мен 2026 жылғы 30 маусым аралығындағы қызметі зерделенгенін атап өтті.

Зерделеу бойынша Кәсіпорынға **51** қызметкерлер жұмысқа қабылданған:

соның ішінде дәрігерлер саны – **10+2 провизор**;

орта медициналық қызметкерлер саны - **26**;

кіші медициналық қызметкерлер саны - **10**;

#### Әкімшілік басқару персоналы:

соның ішінде: Әкімшілік - **1**;

шаруашылық және өзге де персонал – **2**.

Кадрлық іс жүргізу Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады. **2026 жылдың басынан бастап** кадрлық рәсімдер Бірыңғай кадрлық жүйе (ЕКС), Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі (ЕСУТД) және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ресурстарды басқару жүйесі» (СУР-2) ақпараттық жүйесі арқылы автоматтандырылған.

Жүргізілген талдау нәтижесінде заңнама талаптарының бұзылуы, мүдделер қақтығысы, негізсіз артықшылықтар беру фактілері, сондай-ақ кадр бөлімінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**Мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы Рамазанов А.Т.** мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдеріне ішкі талдау жүргізілгенін хабарлады.

Зерделеу бойынша 01.07.2025-30.06.2026 жыл аралығында мемлекеттік сатып алу порталында Кәсіпорынмен **209** келісім шарт жасалған, оның ішінде:

- **119** келісім шарт баға ұсыныстарын сұрау бойынша;
- **16** келісім шарт ашық конкурс бойынша;
- **27** келісім шарт бір көзден тікелей келісім шарт жасау бойынша;
- **47** электронды магазин тәсілі бойынша жасалғаны анықталды;
- №110 бұйрық сәйкес Тегін медициналық көмектің көлеміне кепілдік берілген және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде:

оның ішінде: - **128** шарт,

баға ұсыныстарын сұрау тәсілімен - **114** шарттар,

тендер тәсілімен жасалған - **14** шарттар.

Талдау нәтижесінде мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылғаны анықталды. Сатып алу рәсімдерінің бұзылуы, бәсекелестікті негізсіз шектеу, жекелеген өнім берушілерге артықшылық беру фактілері, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**Заң бөлімінің заңгері Молдашева Ж.К.** Кәсіпорын қызметін құқықтық сүйемелдеу бойынша бағалау жүргізілгенін хабарлады.

01.07.2025-30.06.2026 жыл аралығында Атырау қалалық Мамандандырылған ауданаралық экономикалық Сотқа берілген азаматтық істердің саны **14** істер қарастырылды. Кәсіпорын қызметін құқықтық сүйемелдеу Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Ішкі талдау нәтижесінде

сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал ететін заңнама талаптарының бұзылуы немесе өзге де сыбайлас жемқорлық факторлары анықталған жоқ.


Комплаенс-офицер жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесінде лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, мүдделер қақтығысы, негізсіз артықшылықтар беру, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал ететін өзге де мән-жайлар анықталмағанын атап өтті.

Жария талқылауға қатысушылар тарапынан талдамалық анықтаманың мазмұны бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

### ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. «Атырау қалалық перзентханасы» ШЖҚ КМК-да жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері назарға алынсын.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша дайындалған талдамалық анықтама ескертусіз мақұлдансын.
3. 2025 жылғы 01 маусым мен 2026 жылғы 30 маусым аралығындағы кезең бойынша жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша кадр бөлімі, мемлекеттік сатып алу бөлімі және заң бөлімінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмағаны танылсын.
4. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауға, Кәсіпорын қызметінің ашықтығы, айқындығы және адалдығын қамтамасыз етуге бағытталған профилактикалық іс-шараларды жалғастыру қамтамасыз етілсін.
5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама мен іс-шаралар жоспары белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында орналастырылсын.

Комплаенс-офицер,  
жұмыс тобының жетекшісі



Бағытұлы Н.

Хатшы



Өтепберген А.А.